

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №96 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 5 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы Шарттың 92-бабына және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 5 шешімімен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде 2025 жылға дейінгі өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес, "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жүйе құрайтын кәсіпорындарына мониторинг жүргізу туралы ереже туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жығы 20 желтоқсандағы № 96 шешіміне өзгерістер енгізілісін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап, 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
Құжаттар үшін	Құжаттар үшін	Құжаттар үшін	Құжаттар үшін	Құжаттар үшін
М.Григорян	И.Петришенко	С.Жұманғарин	А.Қасымалиев	А.Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия кеңесінің
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№5 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жығы

20 желтоқсандағы № 96 шешіміне енгізілетін

ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кіріспедегі "Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі №9 шешімімен бекітілген, одақтың" деген сөздер "Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №5 шешімімен бекітілген, одақтың 2025 жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Аталған Шешімде бекітілген, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жүйе құрайтын кәсіпорындарына мониторингін жүргізу туралы ережеде:

а) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы ереже Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №5 шешімінде бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде 2025 жылға дейінгі өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын (бұдан әрі – Негізгі бағыттар) іске асыру мақсаттарында әзірленді.";

б) 2-тармақтағы "жыл сайынғы" деген сөз "2 жылда 1 рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) 3-тармақтағы "жыл сайынғы негізде" деген сөздер "2 жылда 1 рет" деген сөздермен ауыстырылсын";

г) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Траншекаралық кедергілерді жою және өндірістік кооперация үшін жағдайлар жасау жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, мониторингтің міндеті анықталған кедергілер туралы оларды жою жөніндегі ұсыныстармен 2 жылда 1 рет баяндама (бұдан әрі - баяндама) әзірлеу болып табылады.";

д) 10-тармақтағы "жыл сайын" деген сөздер "2 жылда 1 рет" деген сөздермен ауыстырылсын";

е) 11-тармақ мынадай мазмұндағы г) тармақшамен толықтырылсын:

г¹) трансшекаралық кедергілерді жою және өндірістік кооперация үшін жағдайлар жасау жөніндегі ұсыныстар";

ж) 13-тармақтағы "өнеркәсіп жөніндегі" деген сөздерден кейін "Негізгі бағыттарды іске асырудың жыл сайынғы мониторингі және талдау нәтижелері туралы баяндама (бұдан әрі – Негізгі бағыттар жөніндегі баяндама) жобасының құрамында";

з) 14-тармақтағы "Комиссия Алқасы қарайды" деген сөздер "Еуразиялық үкіметаралық кеңес негізгі бағыттар жөніндегі баяндама жобасының құрамында қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

и) 15-тармақтағы "Комиссия Алқасы баяндаманы" деген сөздер "Еуразиялық үкіметаралық кеңес негізгі бағыттар жөніндегі баяндама құрамында баяндаманы" деген сөздермен ауыстырылсын";